

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**ТҰРҒЫН ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҒИМАРАТТАРДАҒЫ
ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ
ТҰТЫНУ РЕЖИМІНІҢ ӘДІСТЕМЕСІ**

**МЕТОДИКА УЧЕТА И РЕЖИМА ПОТРЕБЛЕНИЯ
ТЕПЛОВОЙ ЭНЕРГИИ В ЖИЛЫХ И
ОБЩЕСТВЕННЫХ ЗДАНИЯХ**

Ресми басылым
Официальная редакция

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального
хозяйства Министерства промышленности и строительства
Республики Казахстан

Астана 2023

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛІП,
ҚОЛДАНЫСҚА
ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2023 жылғы 1 желтоқсандағы № 22-НҚ бұйрығымен бекітілген
- 4 ОРНЫНА** Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2012 жылғы 10 ақпандағы № 4 бұйрығымен бекітілген тұрғын және Қоғамдық ғимараттардағы жылу энергиясын есепке алу және тұтыну режимінің әдістемесі

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН
В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан от 1 декабря 2023 года № 22-НҚ
- 4 ВЗАМЕН** Методики учета и режима потребления теплоэнергии в жилых и общественных зданиях, утвержденная приказом Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства от 10 февраля 2012 года № 4

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1 ҚОЛДАНЫЛУ АУМАҒЫ

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

3 НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5 ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ЕСЕПКЕ АЛУ ТӘРТІБІ

6 ЖЫЛУДЫ ТҰТЫНУДЫҢ СУ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ ТҰТЫНУШЫНЫҢ ЖЫЛУ ТАСУШЫСЫ МЕН ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ЕСЕПКЕ АЛУ

7 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТҰТЫНУ РЕЖИМІН РЕТТЕУ ТӘРТІБІ

8 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУДІ ЖӘНЕ ПӘТЕР БОЙЫНША ЕСЕПКЕ АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

9 ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ПӘТЕР БОЙЫНША ЕСЕПКЕ АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ҚАЖЕТТІ ЖАБДЫҚТАР

10 МЕНШІК ИЕЛЕРІНІҢ БАЛАНСЫНДАҒЫ ІШКІ ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕСІН ТОЛЫҚ НЕМЕСЕ ІШНАРА АУЫСТЫРУ КЕЗІНДЕ МОНТАЖДАУ МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

11 ЕСЕПКЕ АЛУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

12 ӘРБІР ТҰТЫНУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ҮЛЕСІН ЕСЕПТЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАМАЛАР ТІЗБЕСІ

13 ӘР ТҰТЫНУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ҮЛЕСІН АНЫҚТАУ (ҮЙГЕ ОРТАҚ ЖЫЛУ ТҰТЫНУДЫ БӨЛУ)

14 ЕСЕПТЕУЛЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР

15 ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

А ҚОСЫМШАСЫ (*міндетті*) Көпшілікке арналған орындарды күтіп-ұстауға байланысты шығындарды ескере отырып, тұтынушылардың жылу энергиясына арналған шығындарын есептеу әдістемесі

Библиография

КІРІСПЕ

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы отын-энергетикалық ресурстардың ірі тұтынушысы болып табылады.

Жылу энергиясы энергия ресурстарының ішінде ең қымбат және есептелуі қиын ресурстардың біріне жатады.

Жылу энергиясын тұтынуда өз деңгейінде есептеу жүйесінің болмауы салдарынан өте кең тараған қалалық жылу тармақтарында жылу энергиясының және жылутасымалдағыштың ысырап болуы, сондай-ақ, орталықтандырылған жылу тармақтарының сенімділігінің төмен болуы орын алып жатады. Сарапшылардың пікірінше, қазіргі таңда жылутасымалдағыштардың шығындалуы орта есеппен 20%, тармақтардағы жылу энергиясының ысырап болуы жіберілген энергиядан 30% деп танылуда.

Ескі жобалармен салынған тұрғын және қоғамдық ғимараттардағы жылу жүйелерінің құрылымы жылыту аспаптарынан берілетін жылуды реттеуге мүмкіндік бермейді. Демек, жылу жүктемесін жылу пункттерінде реттеу мүмкін болмаған соң, ғимаратта жылу энергиясын артық тұтынуға алып келеді.

Жылу энергиясын есепке алу құралдарын жылу тұтынуды автоматты реттеу жүйесімен бірге орнату жылу және ыстық суға төленетін ақыны төмендетуге мүмкіндік береді. Біріншіден, жылу энергиясын есепке алу құралдарын орнату жылу энергиясының нақты тұтынылған анықталған көрсеткіштерін алуға мүмкіндік береді. Екіншіден, есептеу құралдарының көмегімен тұтынушының жылумен жабдықтау жүйесіндегі жылу тасымалдағыштың ысырап болуын бақылау оңай, бұл жылу энергиясын жоғалту шығындарының төмендеуіне әкеледі. Жылу тұтыну аспаптарының орташа тәуліктік және орташа сағаттық көрсеткіштерін талдау жылумен жабдықтау жүйесіндегі осы олқылықтарды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді, сол арқылы оларды жоюға болады. Үшіншіден, жылу энергиясын есепке алу мүмкіндігі тұтынушыларды басқа да энергия үнемдеу шаралаын іске асыруға ынталандырады.

Жылу энергиясын тұтынуды үнемдеуге сыртқы ауа температурасына байланысты жылыту құбырындағы жылу тасымалдағыштың температурасын автоматты түрде реттеу арқылы қол жеткізуге болады. Үнемдеу жылыту маусымының жылы (өтпелі) кезеңдерінде байқалады және 30% жетуі мүмкін.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ТҮРҒЫН ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҒИМАРАТТАРДАҒЫ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН
ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ РЕЖИМІНІҢ ӘДІСТЕМЕСІ**

**МЕТОДИКА УЧЕТА И РЕЖИМА ПОТРЕБЛЕНИЯ ТЕПЛОВОЙ ЭНЕРГИИ В
ЖИЛЫХ И ОБЩЕСТВЕННЫХ ЗДАНИЯХ**

Енгізілген күні – 2023-12-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ АУМАҒЫ

1.1. Тұрғын және қоғамдық ғимараттарда жылу энергиясын тұтынуды есептеу мен режимі әдістемесі (бұдан әрі-Әдістеме) орталық жылумен жабдықтау жүйелерінен жылытылатын жылу энергиясымен жабдықталатын көппәтерлі тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарда қолдануға арналған. Әдістемені орталық жылумен жабдықтау қызметтерін пайдаланатын екі немесе одан көп жеке тұтынушысы бар ғимараттарда да қолдануға болады.

1.2 Әдістеме кодноминимум нысандарын басқару органдарына, мүлік иелерінің бірлестіктеріне немесе жай серіктестіктер нысанына, басқарушы және сервистік компанияларға, коммуналдық кәсіпорындарға, ғимарат әкімшілеріне және т.с.с. ғимараттың инженерлік жүйелерінің (жылыту жүйесі мен ЫСЖ) күтімімен айналысатын қызметкерлерге арналған, оның ішінде жылу энергиясының пәтер ішіндегі есептегіштердің жеке есебіне арналған.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Әдістемеде келесі құжаттарға сілтеме жасалды:

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» № 53 Заңы.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі №61 IV «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 «Жылу энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 207 «Жылу энергиясын жіберуді және жеткізгішін есепке алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 249 «Коммуналдық көрсетілетін қызметтердің тізбесін және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

ҚР СТ 2.105-2006 «Жылумен жабдықтаудың су жүйелеріне арналған жылу есептегіштері. Жалпы техникалық шарттар».

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті пайдаланған кезде «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттар тізбесі», «ҚР Ұлттық стандарттары мен ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің каталогы» және «Мемлекетаралық стандарттар каталогы» ақпараттық каталогтары бойынша жыл сайын жасалатын анықтамалық құжаттардың қолданылуын ағымдағы жылғы жағдай бойынша және ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық бюллетеньдерге - ағымдағы жылы жарияланған стандарттардың журналдары мен ақпараттық көрсеткіштері бойынша тексерген орынды. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алған жөн, егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Бұл Әдістемеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Теңгерімдік тиесілік және пайдалану жауапкершілігінің шекарасы: Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен тұтынушылар арасындағы, сондай-ақ тұтынушылар мен қосалқы тұтынушылар арасындағы жылу желісінің теңгерімдік тиесілігі бойынша анықталатын және тараптардың пайдалану жауапкершілігін белгілейтін жылу желісін бөлу нүктесі.

Электр және жылу энергиясын коммерциялық есепке алу: Электр және жылу энергиясын сатып алу-сату және беру шарттары бойынша тараптар арасында өзара есеп айырысу үшін қажетті электр және жылу энергиясын есепке алу.

Жылу жүктемесі: Уақыт бірлігі ішінде жылу тұтынатын қондырғысы қабылдайтын жылу энергиясының мөлшері.

Тұрғынжайдың тұрғын емес алаңы: Тұрғынжайдағы (пәтердегі) ішкі қосалқы бөлмелердің (ас үйдің, ванна бөлмесінің, дәретхананың, кіреберістің, дәліздің, пәтер қоймасының және сол сияқтылардың) шаршы метрмен есептелетін алаңының жиынтығы.

Тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) жалпы алаңы: Бүкіл тұрғын үйдің жалпы алаңы мен бүкіл тұрғын емес үй-жайлар алаңының, сондай-ақ тұрғын үйдің ортақ мүлік болып табылатын бөліктері алаңының жиынтығы.

Кондоминиум объектісі: Дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан және дара (бөлек) меншікте болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын біртұтас мүліктік кешен.

Сәйкестікті растау жөніндегі органдар: Өнімдердің, процестердің, көрсетілетін қызметтердің, менеджмент жүйелерінің не персоналдың сәйкестігін растау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын заңды тұлғалар.

Жылу энергиясын беру: Жасалған шарттарға сәйкес энергия беруші ұйымдардың жылу желілері бойынша жылу энергиясын тасымалдау жөнінде көрсететін қызметі.

Төлем құжаты: Өнім берушінің ұсынған көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) үшін төлемді жүзеге асыру үшін жасалған, соның негізінде төлем жүргізілетін құжат (электрондық шот-фактура, шот, хабарлама, түбіртек, оның ішінде бірыңғай төлем құжатының құрамында, ескерту-шот, талап, талап-арыз).

Өлшеу құралдарын тексеру: Өлшеу құралдарының қолданыстағы метрологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында мемлекеттік метрология қызметі және басқа да арнайы аккредитациялық заңды тұлғалар жасайтын операциялар жиынтығы.

Тұтынушы: Электр және (немесе) жылу энергиясын шарт негізінде тұтынатын жеке немесе заңды тұлға.

Есепке алу аспабы: Реттеліп көрсетілетін қызметтерді жеке және (немесе) үй бойынша ортақ тұтынуды коммерциялық есепке алуға арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы.

Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар: Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп – ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп – ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар.

Жылу энергиясы үшін есеп айырысу: Тұтынылған жылу энергиясы үшін есеп айырысу кезеңі біткеннен кейін ұсынылған төлем құжатының негізінде энергиямен жабдықтаушы ұйымға тұтынушының ақы төлеуі.

Есептік бірлік: Жалпы тұтыну өлшенетін ортақ жылу жүйесіндегі бөлмелер жиынтығы Есептік бірлік ретінде орталық жылыту жүйесінің схемасына байланысты тұрғын үй, бірнеше ғимараттар топтамасы немесе ғимарат бөлігі (мысалы, подъезд, пәтер) болуы мүмкін. Есептік бірлік жоқ дегенде екі тұтынушыдан тұрады.

Есептік кезең: Тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және тұтынушыға ақы төлеу үшін ұсынылатын уақыт кезеңі.

Жылу тұтыну жүйесі: Бір немесе бірнеше жылу жүктемесі түрлерін тұтынуға арналған жылу тұтынатын қондырғылар кешені.

Қосалқы тұтынушы: Жылу желілері және (немесе) жылу тұтынатын қондырғылары тұтынушының жылу желілеріне қосылған тұтынушы.

Жылу тұтынатын қондырғы: Жылу энергиясын қабылдауға және пайдалануға арналған техникалық құрылғы.

Жылу энергиясының шығындалуын есепке алу нүктесі: Коммерциялық есепке алу құралдарының көмегімен немесе есеп айырысу әдісімен, ол болмаған кезде жылу энергиясының шығындалуы анықталатын жылумен жабдықтау схемасының нүктесі.

Есептеу торабы: Тұтынушыға ақы төлеуге ұсыну үшін жылу энергиясының коммерциялық есебін қамтамасыз ететін аспаптар мен құрылғылар жиыны.

Энергия: Энергетика рыногында тауар болып табылатын электр және жылу энергиясы, газ, су.

Энергия беруші ұйым: Шарттар негізінде электр немесе жылу энергиясын беру жөніндегі қызметті көрсететін ұйым.

Энергия үнемдеуші технологиялар: Қол жеткен деңгеймен салыстырғанда отын-энергетика ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін технологиялар, жабдықтар және материалдар.

Энергия үнемдеу: Пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың көлемін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық, экономикалық және өзге де шараларды іске асыру.

Энергия үнемдеу саясаты: Энергия үнемдеу саласындағы қызметті құқықтық, ұйымдастырушылық және қаржылық-экономикалық реттеу.

Энергиямен жабдықтаушы ұйым: Сатып алынған электр және (немесе) жылу энергиясын тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым.

Энергиямен жабдықтау: Тұтынушыларға электр энергиясын, жылу энергиясын, су (бұдан әрі - энергия) жеткізу және сату.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Әдістеме жылу энергиясын есепке алудың жеке аспаптары үшін пайдаланылған жағдайда ғимараттағы әрбір тұтынушының жылу энергиясын тұтынудағы нақты үлесін анықтау жолдарының есептік рәсімін сипаттайды.

4.2 Әдістемеде жылу энергиясын есепке алу үшін қажетті ұйымдастырушылық-техникалық талаптар, сондай-ақ жылу энергиясы үшін жеке тұтынуды есептеу үлгісі бар.

4.3 Әдістеме жылу энергиясын есепке алудың жеке аспаптарын ішінара немесе 100 % орната отырып, үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарымен жабдықталған көппәтерлі тұрғын үйлерде және қоғамдық ғимараттарда тұратын тұтынушылармен есеп айырысуда жылумен жабдықтаушы ұйымдардың қолдануына арналған.

4.4 Әдістеме тұтынушылар арасында есептеу құралдарының көрсеткіштері бойынша тұтынылған жылу энергиясының көлемін бөлу кезінде қол жетімділік, ашықтық, әділеттілік шарттарына жауап береді.

Осы Әдістеменің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- тұтынушыларды жылу энергиясының шығындарын үнемдеуге ынталандыру және жалпы көп пәтерлі тұрғын үйдің энергия үнемдеу деңгейін арттыру;

- тұтынушының жылу энергиясының нақты тұтынылған көлемі туралы хабардарлығын арттыру және энергия тиімділігінің артықшылықтарын түсіну;

- тұтынушыларды жылу энергиясын есепке алудың жеке аспаптарын (бұдан әрі – ЖЭЕАЖА) орнатуға және пайдалануға ынталандыру;

- ЖЭЕАЖА коммерциялық есебіне кіргізу.

ЖЭЕАЖА-дан көрсеткіштерді есептеуді қабылдауға болатын қажетті шарттар:

- тұрғын үйдің жалпы жылытылатын ауданы бойынша деректер ортақ пайдаланылатын орындарды ескере отырып, үйдің техникалық паспортына сәйкес қабылданады;

- үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспабынан (бұдан әрі - ҮЖЭЕА) алынған көрсеткіштердің болуы;

- ҮЖЭЕА -дан және барлық ЖЭЕАЖА-дан бір мезгілде көрсеткіштерді алу.

4.5 Тұтынушы жылу энергиясын беру қызметтерін көрсетушіні ЖЭЕАЖА-ның уақытша істен шыққандығы туралы уақтылы хабардар етуге міндетті.

4.5 Тұтынушы жылу энергиясын беру қызметтерін көрсетушіні ЖЭЕАЖА-ның уақытша істен шыққандығы туралы уақтылы хабардар етуге міндетті.

5 ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ЕСЕПКЕ АЛУ ТӘРТІБІ

5.1 Жылу энергиясын мына мақсаттарда есепке алады:

- тарифтерді қолдану негізінде жылумен қамтушы, жылу тасымалдаушы ұйымдар және тұтынушылар арасында есеп айырысу;

- жылумен қамту және жылу тұтыну жүйелерінің жылу және гидравликалық тәртіптерін бақылауды орнықтыру;

- жылу энергиясын, жылу тасымалдағышта тиімді пайдалануды тексеру;

- жылутасымалдағыш көрсеткіштерін: көлемін, температурасын және қысымын құжаттау.

5.2 Жылу энергиясын есепке алу үшін үлгілері Өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген, өлшем құралдарын бастапқы немесе кезеңдік салыстырып тексеру туралы құжаттары бар коммерциялық есепке алу аспаптары пайдаланылады.

Жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарын күтіп ұстау, техникалық қызмет көрсету және салыстырып тексеру теңгерімдік тиесілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

Коммерциялық есепке алу аспаптарын салыстырып тексеру Өлшем құралдарына салыстырып тексеру жүргізу, өлшем құралдарын салыстырып тексерудің мерзімділігін белгілеу қағидаларына және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификат нысанына сәйкес жүзеге асырылады.

5.2.1 Жылу энергиясын жіберуді есепке алу, егер шартта өзгеше көзделмесе, жылу желілерінің теңгерімдік тиесілік және пайдалану жауапкершілігінің шекарасында жылу энергиясының шығындалуын есепке алу нүктесінде жүргізіледі.

Жылу энергиясын коммерциялық есептеу құралын жылу желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасынан тыс орнатқан жағдайда, жылу желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасынан жылу энергиясының коммерциялық есептеу құралдарын орнатқан жерге дейінгі аумақтағы жылу энергиясының шығындары, шарттық негізде, теңгерімінде жылу желісінің көрсетілген аумағы тұрған иегердің меншігіне жатқызылады.

5.2.2 Жылу энергиясының шығынын энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымдармен есептеу жолымен Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар саласындағы заңнамасына сәйкес анықталады.

Тұтынушы қосылатын жылу желілеріне жылу шығындарын есептеуді энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым жүргізеді және тұтынушының сұрауы бойынша береді.

Тұтынушы қосылатын жылу желілеріне жылу шығындарына сынақты энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым тұтынушының немесе оның өкілінің қатысуымен жүргізеді.

5.2.3 Коммерциялық есепке алу аспаптарын тексеру Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 934 бұйрығымен бекітілген Өлшем құралдарына салыстырып тексеру жүргізу, өлшем құралдарын салыстырып тексерудің мерзімділігін белгілеу қағидаларына және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификатының нысанына сәйкес, сондай-ақ коммерциялық есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің дұрыстығына күмәнданған жағдайда, мүдделі тараптардың бірінің өтініші бойынша жүзеге асырылады.

Коммерциялық есепке алу аспаптарын тексеруді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аккредиттелген мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

Коммерциялық есепке алу аспаптары бастапқы, кезеңдік, кезектен тыс, инспекциялық және сараптамалық тексеруге жатады. Тексеру әдістемелерінде көрсетілген мерзімдерде, коммерциялық есепке алу аспаптарын мерзімді тексеру аспаптың тексеру аралығына сәйкес жүргізіледі. Аспаптарды сараптамалық тексеру олардың көрсеткіштерінің дұрыстығына күмән болған жағдайда, мүдделі тараптардың бірінің өтініші бойынша метрологиялық сипаттамалары, аспаптардың жарамдылығы бойынша даулы мәселелер туындау жағдайда жүргізіледі.

5.3 Жылу энергиясының шығыны жылу энергиясын есепке алу аспаптарымен (ҮОЖЭЕА және ЖЭЕАЖА) өлшенеді, олар келіп түскен жылу энергиясының мөлшерін, қажет болған жағдайда келіп түскен жылу тасымалдағыштың көлемін, оның температурасы мен қысымын жылу қайтарылғанға дейін және одан кейін өлшеуге тиіс.

5.4 Есептеу аспаптары өлшеу нәтижелерін өлшеу мен өңдеуден басқа жылу энергиясы мен жылутасымалдағышты тұтыну және жылумен қамту тәртібі туралы мәліметтерді сақтау, тіркеу секілді қосымша міндеттер атқарады. Заманауи жылуесептегіштер мәліметтерді өлшеу, өңдеу, сақтау және тіркеу міндеттерін атқара алады.

5.5 Шығарылатын жылу энергиясын есептеу құралдары, жылу есептеуіштер мен жылу есептегіштер өлшеу әдісімен, метрологиялық сипаттамаларымен, құрылымдық-функционалдық ерекшеліктерімен, монтаждау және пайдалану шарттарымен ерекшеленеді. Жылу энергиясын есепке алу үшін аспаптық қамтамасыз ету құралдарын таңдау жылу тасымалдағыштың шығынын (мөлшерін) өлшеу әдісіне және тұтынушының шарттары мен қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін аспаптың түріне байланысты болады.

Коммерциялық есептеу құралын таңдаған кезде мыналарға назар аудару керек:

- өлшеу дәлдігінің белгіленген нормаларын қамтамасыз ететін құрылғының қателіктері;

- құрылғының қолданылу саласы нақты пайдалану шарттарына сәйкес келетін зауыт паспортында көрсетіледі;

- жылумен жабдықтаушы ұйымның техникалық шарттарында (ТШ) көрсетілген режимдерге сәйкес келетін аспаптың паспортында көрсетілген өлшеу диапазоны (жылу тасымалдағыштың ең жоғары және ең аз шығыны).

5.6 Тұрғын ғимараттарда жылу энергиясын есепке алу екі деңгейде жүргізілуі мүмкін: жылумен қамту жүйесінің ғимаратқа кіру тұсындағы жалпы есептеу аспабында және пәтер иесінің жеке есептеу^[1] аспабында. Жалпы үйге енетін жылуды есептеу үшін - жалпы есептеу аспабы, ал, пәтерлер үшін пәтерлік жылу есептеу құралдары немесе жылыту аспабына орнатылатын жылу таратқыштар орнатылуы мүмкін.

5.7. Жылу энергиясын тұтынуды есепке алуды ұйымдастыру үшін осы Әдістемеден басқа электр энергетикасы, энергия үнемдеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы орталық немесе жергілікті атқарушы мемлекеттік органдар бекіткен нормаларды да басшылыққа алуды ұсынамыз.

6. ЖЫЛУДЫ ТҰТЫНУДЫҢ СУ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ ТҰТЫНУШЫНЫҢ ЖЫЛУ ТАСУШЫСЫ МЕН ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ЕСЕПКЕ АЛУ

6.1 Жылу энергиясын, жылу тасушысының параметрлері мен массасын есепке алу торабы оның басты ысырмаларына барынша жақындатылған жылу пунктінде және пайдалануға, жөндеуге ыңғайлы жерде жабдыкталады. Тарау шегі және есепке алу торабын орнату орны арасындағы учаскеде жылутасымалдағыштың жылу шығындары

мен олқылықтарын есепке алған жағдайда құбырлардың балансты тиесілік тарауының шегіне дейін есепке алу торабын орнатуға жол беріледі.

6.2 Жылуды тұтынудың жабық су жүйелерінде жылутасымалдағыш пен жылу энергиясын есепке алуды ұйымдастыру.

6.2.1 Жылутасымалдағыштың параметрлері мен жылу энергиясын есепке алу торабында жылуды тұтынудың жабық жүйелерінде анықталады:

- есепке алу құралдарының жұмыс уақыты;
- алынған жылу энергиясы;
- беру құбыры бойынша алынған және әр сағат үшін кері құбыр бойынша қайтарылатын жылутасымалдағыштың массасы;
- беру және кері құбырлардағы жылу тасушысының орташа сағаттық температурасы;
- әр сағат үшін алынған жылу энергиясы;
- жылуды тұтыну жүйесінде ағу нәтижесінде жоғалған желілік судың массасы.

6.2.2 Жылу жүктемесі 0.1 Гкал/сағ аспайтын ғимараттарға кіретін жерлерде, жылумен жабдықтайтын ұйыммен келістіру бойынша құбырлардың біреуінде ғана шығынды өлшеуішті орнату мүмкін болады.

6.2.3 Тұтынушының 1 сағат ішінде тұтынған Q жылу энергиясының мөлшері есепке алу торабы құралдарының көрсеткіштері негізінде келесі формула бойынша есептеледі:

$$Q = G_1 \cdot (h_1 - h_2), \quad (1)$$

мұндағы G_1 - берілетін құбыр бойынша жабық жылу жүйесі арқылы 1 сағат ішінде өтетін желілік судың массасы;

h_1 және h_2 - беретіннің кіретін жерінде және тұтынушының кері құбырының шығатын жерінде желілік судың бір сағат ішіндегі орташа энтальпиясы.

Шартпен бекітілген есептік кезең ішіне тұтынушының алған жылу энергиясының көлемі келесі формула бойынша есептелген сандық мәндердің сомасы ретінде анықталады (1).

Тұтынушы жүйесінде 1 сағат ішінде ысырап нәтижесінде шығындаған желілік суының массасы G_y , келесі формула бойынша есептеледі:

$$G_y = G_1 - G_2, \quad (2)$$

мұндағы G_1 - берілетін құбыр бойынша 1 сағат ішінде тұтынушының алған желілік суының массасы;

G_2 - кері құбыр бойынша тұтынушының қайтаратын желілік суының массасы.

Егер (2) формуласы бойынша есептелген G_y желілік суының массасы 3% пайыздан аспайтын болса, жылумен жабдықтаудың берілген жүйесіне арналған ысыраптың нормативтік өлшемін қабылдау керек.

Есептік кезең ішінде ысырап нәтижесінде жоғалған желілік судың массасы, келесі формулар бойынша есептелген сандық мәндердің сомасы ретінде анықталады (2).

Егер есептік торабы тұтынушы мен жабдықтаушының жылулық желілерінің баланстық тиесілігінің тарауы шегінде, онда 1 сағат ішінде тұтынушының алатын жылу энергиясының саны келесі формула бойынша есептеледі:

$$Q = (1 + k_n) \cdot (1 + k_y) \cdot G_1 \cdot (h_1 - h_2), \quad (3)$$

мұндағы k_n k_y - есепке алу торабын орнату жеріне дейін баланстық тиесіліктің шегінен жылу желісіндегі нормативті шығындарының және ысырап коэффициенттері.

Жылу жүйесінде ысырап нәтижесінде 1 сағат үшін тұтынушының жоғалтқан желілік судың массасы келесі формула бойынша есептеледі:

$$G_y = (1 + k_y) \cdot (G_1 - G_2), \quad (4)$$

6.3 Айналымды ыстық сумен жабдықтау және сумен жылудың ашық жүйелеріндегі жылу тасушысы мен жылу энергиясын есепке алуды ұйымдастыру.

6.3.1 Жылутасымалдағыш пен жылу энергиясын есепке алу торабында айналымды ыстық сумен жабдықтау және жылытудың ашық жүйелерінде келесідей анықталады:

- есепке алу құралдарының жұмыс уақыты;
- алынған жылу энергиясы;
- ыстық сумен жабдықтауға шығындалған желілік судың массасы;
- әр сағат үшін бұратын құбыр бойынша қайтарылған және беретін құбыр бойынша алынған желілік судың массасы;
- беретін және бұратын құбырлардағы жылу тасушысының орташа сағаттық температурасы;
- әр сағат үшін алынған жылу энергиясы;
- әр сағат үшін ыстық сумен жабдықтауға шығындалған желілік судың массасы.

6.3.2 Тұтынушының 1 сағат ішінде алған Q жылу энергиясының өлшемі, келесі формула бойынша есепке алу торабының көрсеткіштері негізінде анықталады:

$$Q = G_1 \cdot (h_1 - h_{xb}) - G_2 \cdot (h_2 - h_{xb}), \quad (5)$$

мұндағы G_1 - берілетін құбыр бойынша 1 сағат ішінде тұтынушының алған желілік судың массасы;

G_2 - бұрылатын құбыр бойынша тұтынушының қайтаратын желілік суының массасы;

h_1 және h_2 - тұтынушының бұрылатын құбырларының шығатын және кіретін жерінде желілік судың бір сағат ішіндегі энтальпиясы;

h_{xb} - жылудың көзіндегі сіңіру үшін қолданылатын суық судың энтальпиясы.

Тұтынушының есептік кезең ішінде алған Келісім-шартпен орнатылған жылу энергиясының көлемі, осы формула бойынша (5) есептелген сағаттық мәндердің сомасы ретінде анықталады. 1 сағат ішінде тұтынушының ыстық сумен жабдықтауға тұтынушының шығындаған желілік суының массасы:

$$G_{гв} = G_1 - G_2, \quad (6)$$

Есептік кезең ішінде ыстық сумен жабдықтауға тұтынушының шығындайтын желілік суының массасы, (6) формуласымен есептелген сағаттық мәндердің сомасы ретінде анықталады.

6.3.3 Егер есепке алу торабы жабдықтаушы мен тұтынушының жылу желісінің баланстық тиесілігінің тарауы шегінде орнатылмаса, онда 1 сағат ішінде тұтынушының алған жылу энергиясының көлемі келесі формула бойынша есептеледі:

$$Q = (1 + k_n) \cdot (1 + k_y) \cdot [G_1 \cdot (h_1 - h_{xb}) - G_2 \cdot (h_2 - h_{xb})], \quad (7)$$

мұндағы k_n және k_y - есепке алу торабын орнату орнына дейін баланстық тиесілік шегінен жылу желісінің нормативті жылу шығынының және ысыраптың коэффициенттері. Бұл кезде 1 сағат ішінде ыстық сумен жабдықтауға тұтынушының шығындаған желілік суының массасы келесі формула бойынша анықталады:

$$G_{гв} = (1 + k_y) \cdot (G_1 - G_2), \quad (8)$$

6.4 Айналымсыз ыстық сумен жабдықтау және жылытудың ашық жүйелерінде жылу тасушысы мен жылу энергиясын есепке алуды ұйымдастыру.

6.4.1 Айналымсыз ыстық сумен жабдықтау және жылытудың ашық жүйелерінде жылу тасушысы мен жылу энергиясын есепке алу тораптарында анықталады:

- есепке алу құраладырының жұмыс уақыты;
- алынған жылу энергиясы;
- ыстық сумен жабдықтауға шығындалған желілік судың массасы;
- әр сағат үшін бұратын құбыр бойынша қайтарылатын және берілетін құбыр бойынша алынған желілік судың массасы;
- әр сағат үшін ыстық сумен жабдықтауға шығындалған желілік судың массасы;
- әр сағат үшін келтірілетін және бұрылатын құбырларда жылу тасушысының орташа сағаттық температурасы;
- алынған жылу энергиясы, әр сағат үшін.

6.4.2 1 сағат ішінде тұтынушының алған жылу энергиясының көлемі Q есепке алу құралдарының көрсеткіштері негізінде формула бойынша анықталады:

$$Q = G_1 \cdot (h_1 - h_2) + G_3 \cdot (h_2 - h_{хв}), \quad (9)$$

мұндағы G_1 - 1 сағат ішінде берілетін құбыр бойынша өтетін жылу тасушысының массасы;

G_3 - 1 сағат ішінде ыстық сумен жабдықтау құбыры бойынша өтетін шығынды өлшегіш құрылғысының көрсеткіштері бойынша жылу тасушысының массасы;

h_1 және h_2 - тұтынушының бұратын құбырының шығатын жерінде және беретін құбырдың кіретін жеріндегі желілік судың сағат ішіндегі орташа энтальпиясы;

$h_{хв}$ - жылудың көзінде сіңіру үшін қолданылатын суық судың энтальпиясы.

Келісім-шартпен бекітілген есептік кезең ішінде тұтынушының алған жылу энергиясының көлемі, келесі формула бойынша есептелген сағаттық мәндердің сомасы ретінде анықталады (9).

6.4.3 Егер есепке алу торабы тұтынушы және жабдықтаушының жылу желілерінің баланстық тиесілігінің тарауы шегіне орнатылмаса, онда 1 сағат ішінде тұтынушының алған жылу энергиясының көлемі келесі формула бойынша есептеледі:

$$Q = (1 + k_{п}) \cdot (1 + k_{у}) \cdot [G_1 \cdot (h_1 - h_2) + G_3 \cdot (h_2 - h_{хв})], \quad (10)$$

мұндағы $k_{п}$ және $k_{у}$ - есепке алу торабын орнату орнына дейін баланстық тиесілік шегінен жылу желісінің кемуі мен нормативті жылу шығындарының коэффициенттері. 1 сағат ішіне ыстық сумен жабдықтауға тұтынушының шығындаған желілік суының шығыны, келесі формула бойынша анықталады:

$$G_{гв} = (1 + k_{у}) \cdot G_3, \quad (11)$$

6.4.4 Егер берілетін құбыр бойынша өткен жылу тасушысы массасының айырмасы, G_1 және жылу тасушысының массалары, және кері құбыр бойынша қайтарылған, G_2 бір сағат ішінде G_3 ыстық сумен жабдықтау құбыры бойынша шығындалған жылу тасушысының массасынан 0,03 G_1 астамға асатын болса, онда (9), (10) және (11) формулаларында G_3 ($G_1 - G_2$) ға тең болып қабылданады.

6.5 Есепке алу торабы құралдарының көрсеткіштері Шартпен нормаланатын өлшемнен жылу тасушысының шығыны, массасы және жылу энергиясымен алынған ауытқуларды анықтауға арналған жылумен жабдықтау ұйымымен қолданылады.

7 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТҰТЫНУ РЕЖИМІН РЕТТЕУ ТӘРТІБІ

7.1 Тұрғын және қоғамдық ғимараттарда жылу тұтынудың автоматты реттеуінің жүйелерін орнату энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Жылу тасымалдағышты автоматты түрде реттеу арқылы тұтынушылардың жылыту шығындарын айтарлықтай үнемдеуге болады. Тұрғын және қоғамдық ғимараттарда

инженерлік жүйелерді жаңғырту бойынша күрделі жөндеу және іс-шаралар жүргізу кезінде жылу тұтынуды автоматты реттеу жүйелерін орнату ұсынылады.

7.2 Көп қабатты тұрғын үйлерде және қоғамдық ғимараттарда энергия үнемдегіш технологияларды қолдану мен қатар, жылу жүйелерін теңдеу және жылулық пункттерін жаңғырту ұсынылады.

Жылулық пункттері бөлшектенеді:

- жеке жылулық пункттері (бұдан әрі - ЖЖП) - жылыту, желдету, ыстық сумен жабдықтау жүйелерін қосу және бір ғимарат немесе оның бөлігінің технологиялық жылу қолданатын қоюлары үшін;
- орталық жылулық пункттері (бұдан әрі - ОЖП) - дәл солай, екі ғимарат немесе көп.

Жылулық пункттерінде төмендегілер арқылы жүзеге асырылатын, жабдықтарды, арматураны, бақылау, басқару және автоматтандыру аспаптарын орналастыру қарастырылады:

- жылу тасымалдағыш түрінің немесе оның параметрлерінің өрнектелуі;
- жылу тасымалдағыш параметрлерінің бақылауы;
- жылулық жүктемелерді, жылу тасымалдағыш және конденсаттың шығындарын есепке алу;
- жылу тасымалдағыштың шығынын реттеу және жылу тұтыну жүйелері бойынша үлестіру (тарату желілері арқылы ОЖП-ға немесе тікелей ЖЖП жүйелеріне);
- жылу тасымалдағыш параметрлерінің апаттық көтерілуінен жергілікті жүйелерді қорғау;
- жылуды тұтыну жүйелерін толтыру және қоректендіру;
- конденсаттың жиыны, сууы, қайтарылуы және оның сапасының Бақылауы;
- жылулық жинақтау;
- ыстық сумен жабдықтау жүйелері үшін су дайындау.

Жылулық пунктінде оның тағайындауы және жергілікті шарттарына байланысты барлық аталған шаралар немесе тек қана олардың бөлігі іске аса алады. Жылу тасымалдағыш параметрлерін бақылау және жылу шығынын есепке алу аспаптарын барлық жылулық пункттерінде қарастыру керек.

Енгізудің ЖЖП құралдары ОЖП бар болуынан тәуелсіз, әрбір ғимарат үшін міндетті, сонымен бірге, ЖЖП-де тек қана осы ғимаратты қосу үшін қажетті және ОЖП ескерілмеген шаралар қарастырылады.

Жылулық пункттерін жаңғыртудың келесі варианттары өте орынды:

- сыртқы ауаның температурасына байланысты, жылыту жүйесінде жылу тасымалдағыштың параметрлерімен автоматты басқарудың жүйесін қою;
- ыстық сумен жабдықтаудың жылу алмастырғышын және ыстық судың температурасын автоматты реттеу жүйесін қою;
- жылыту жүйесінде жылу тасымалдағыштың параметрлерінің жедел қолдан реттеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін түтіктің айнымалы диаметрімен инжектор үрлегіштерін қою.

7.3 Жылу тұтынуды автоматты реттеу жүйесі контроллерден, айналым сорғысынан, реттеуші клапандардан, температура датчиктерінен, байланыс аппаратурасынан тұрады (жүйені қашықтан басқару қажет болған жағдайда). Жылу пункттерін жаңғырту жылыту маусымының басталуы мен аяқталуына тән толып кетулерді жоюға және жылу энергиясын орташа жылдық тұтынудың үнемдеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [2].

7.4 Жылу тұтынудың автоматты реттеуінің жұмыс принципі: температурасы барлық ғимараттардың температурасына объективті түрде сәйкес келетін бақылау бөлмесін таңдаудан тұрады. Содан кейін, көрсетілген бөлмеде температуралық датчиктерді орналастыру қажет, олардың көрсеткіштері одан кейін барлық реттеу

жүйесіне бағытталады. Ғимараттың сыртқы қабырғасында орнатылған сыртқы ауа температура датчигінің сигналдары және бақылау бөлмесінде орнатылған датчиктің сигналдары контроллердегі электрлік импульске сигналдарды түрлендіретін жылу есептегіш блогына түседі. Контроллер ысырмаларға сигнал береді, осылайша жылу тасымалдағыштың берілуі реттеледі (азаяды немесе артады). Тұрғын үйлерге арналған жылу тұтынуды реттеу жүйесі негізінен күзгі және көктемгі кезеңдерде, ауа-райы тұрақсыз болған кезде және жылумен жабдықтау көзі атмосфералық ауа температурасының өзгеруіне қарамай, «артық жану» жылу энергиясының шамадан тыс шығынымен жұмыс істейтін кезде өзекті болып табылады. Офистік немесе өндірістік үй-жайларда (тұрақты персонал болмаған кезде) қосымша үнемдеуге түнгі уақытта, сондай-ақ демалыс және мереке күндері жылу тұтынуды азайту арқылы қол жеткізіледі. Жылу пункті үй-жайлардағы температураны автоматты түрде реттейді, жайлы жағдай жасайды және тұтынушыға шығындарды үнемдеуге мүмкіндік береді.

7.5 Жылуды тұтынудың автоматты реттеуінің ортақ функциялары:

- санитарлық нормалар және сыртқы ауаның температурасын есепке алуға, оның күндізгі және түнгі өзгерістеріне, бөлмедегі ауаның нақты температурасына сәйкес, ғимараттың бөлмесіндегі ауаның температурасын сүйемелдеу үшін қажет мәндерге дейін, жылу желісінен түсетін (қысым және температура) жылутасымалдағыштың қажетті параметрлерін қамтамасыз ету.

- гидросоққылардан және аса мүмкін температуралық мәндерден жылыту және ыстық сумен жабдықтаудың (бұдан әрі - ЫСЖ) жүйелерін қорғау;

- сыртқы температураның, температураның күндізгі және түнгі өзгерістерінің, бөлмедегі нақты температураның есебімен жылутасымалдағыштың жылу беру температурасын басқару;

- кері құбырдағы температураны басқару (жылу желісіне қайтарылатын жылутасымалдағыштың температурасының шектеуі);

- жылытудың жүйелерінің және ЫСЖ (босату, жуу, толтыру) техникалық қызмет көрсету бойынша шараларын қысқарту;

- ЫСЖ мұқтажықтары үшін, соның ішінде талдау нүктесінде санитарлық нормалардың шектерінде ЫСЖ температурасын сүйемелдеу үшін жылутасымалдағыш даярлау;

- жеткіліксіз ыстық судың өнімсіз тасталуын сақтап қалу мақсатымен, тұтынушылардың желілерінде жылутасымалдағыштың таралуын қамтамасыз ету;

- жылу энергиясын, ыстық және суық су тұтынуын қашықтықтан бақылау, апаттық және оқыс ахуалдарды бақылау - диспетчерлендіру.

7.6 Жылулық пунктісі жылу желілеріне қосылады:

- пластинкалы жылу алмастырғыштарды қолданумен тәуелсіз схема бойынша;

- араластырулар немесе су элеватор үрлегіштерді қолданумен тәуелді схема бойынша;

- жылыту және ЫСЖ ашық схемасы бойынша тәуелсіз жүйемен құрамалы жүйе;

- жылыту және ЫСЖ жабық схемасы бойынша тәуелсіз жүйемен құрамалы жүйе;

- талап бойынша басқа схемалар.

7.7 Жылу тасымалдағыштың шығындарын дұрыс реттемеу үй-жайлардағы ауа температурасының санитарлық нормалар талаптарына сәйкессіздігі, автоматиканың жұмысының ақауына, шуларға, сорғылардың, қазандардың, тұрбалардың істен тез шығуына, барлық жүйенің үнемсіз жұмысына әкеп соғуы мүмкін.

Жылу жүйесінде жылу жабдықтарын қате таңдау салдарынан ақаулар пайда болуы, дұрыс жылытпауы және жылу тасымалдағыштың қызып кетуі немесе белгілі бір бөлмелерде бірыңғай таратылмауы мүмкін.

Жүйені орнатқаннан кейін теңгеруді қажет ететін бір құбырлы жылыту жүйелерін реттеу өте қиын.

7.8 Тұрғын ғимараттың жылыту жүйесінің жүктемесін теңдеу - бұл көлденең құбырлар мен тік желілер (тірекшелермен) бойынша, сайып келгенде, барлық пәтерлерде бірдей температураны қамтамасыз ету үшін, жылу тасымалдағыштың ағындарын үлестіру. Жылыту жүйесінің дұрыс теңдеуші жеке жылулық пунктінің дұрыс реттеуімен ең төменгі жылу тұтынуда барлық пәтерлерде ауаның нормативтік температурасын қамтамасыз етеді. Теңдеушінің нәтижесі - жылыту аспабы арқылы, керек жылу тасымалдағыштың есепті көлемі өтетіндей етіп, жылыту жүйесінің барлық тұйықталған бөлімшелері бойынша жылу шығаратын затты қайта бөлу.

Теңдеуші бойынша жұмыс келесі кезеңдерді қосады:

- көлденең құбырлар мен тік желілерге, ЖЖП-ге теңестіру және жапқыш арматураларды орнату;

- қойылған жабдықтың есепті күйге келтірілуі және оның реттелуі.

7.9 Радиаторға орнатылған термостатиялық шұра оның жанындағы ауаның температурасын тұрақты қолдайтындай етіп, жылу тасымалдағыштың ағынын радиатор арқылы автоматты реттейді. Бұл температураның мәні шұраның басының бұрылысымен өзгереді. Бұл тұрғындарға өз пәтерінің бөлмелеріндегі жайлы температуралық шарттарды өз алдына қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Түнгі уақытқа немесе тұрғындардың ұзақ жоқтығында бөлмелердегі температура жылу энергиясының маңызды үнемдеуін қамтамасыз ете отырып, нормативтіктен төмен болуы мүмкін (әрбір градусқа температураның төмендеуі жылуды тұтынуды шамамен 5%-ға азайтады).

Егер желілердің бастапқы жүйесі бір құбырлы, орағытусыз (айналма құбыр) болса, онда ғимараттарда шұраларды орнатумен бірге айналма құбырды да орнату керек.

7.10 Радиатор термостаттары температуралық күйге келтірумен сәйкес орнатылған бөлмеде берілген температураның автоматты сүйемелдеуі үшін арналған. Термостатиялық радиатор шұралары бөлмелердің қызып кетуінен құтылуға және адамдардың кезеңдеп тұратын бөлмелерінде жылытудың қажетті деңгейлерімен минималды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Олар жылытқыш мерзім ағымында бөлмеде жайлы температураны сүйемелдеуді қамтамасыз ете отырып, бөлмеге күн радиациясынан, тұрмыстық құралдардан, адамдардан түсетін жылу шығарулардың өтем есебінен орташа 15 % жылу үнемдеуге мүмкіндік береді.

Радиатор термостаттары бөлменің нақтылы температурасын датчиктің қалпағындағы сандық көрсеткіш бойынша реттейді. Жылытудың екі құбырлы жүйесінің жіберуі алдында, монтаждан кейін жылытудың барлық жүйесінің тез және тиімді жөндеуін өткізуге мүмкіндік беретін, радиатор термостатының алдын-ала гидравликалық реттеуі қажет. Реттеуді кәсіби жөндеуші орындауы керек және оның нәтижелері жылыту жүйесінің толық қалыптан ауытқуы болуы мүмкін, рұқсат етілмеген мүмкіндіктен қорғалуы керек. Осы мақсатта, фирмалардың көпшілігі мамандандырылған аспапты қолданады.

8 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУДЫ РЕТТЕУ ТӘРТІБІ

8.1 Тұрғын үйдегі пәтер бойынша есепке алу мен жылуды реттеу жүйесі мынадай жабдықтарды орнатуды жобалайды:

- ғимаратқа кіре берісте - жылу беру жүйесін автоматты реттеуге арналған жабдық және жылудың жалпы үй есептегіші;

- әр пәтерде - суытқыш термостатикалық реттегіштер мен жеке есепке алу құралдары.

Жылуды пәтер бойынша есепке алу мен реттеудің көмегімен бірнеше мәселені шешуге болады:

1) Үйдің жылыту тәртібі мен пәтерлердің жайлы температурасын ұстап тұру мүмкіндігін қалпына келтіру;

2) Жылуды тікелей тұтынушылардың (тұрғындардың) жылу қуатын үнемдеу мүмкіндігі^[3];

3) Тұтынушылардың жылу үшін нақты тұтынуға байланысты: жылуды аз тұтындың ба, аз төлейсің қағидаты бойынша төлеуге мүмкіндігі;

4) Пәтер бойынша есепке алу мен реттеуге көшудің арқасында жылуды тұтыну мен төлем азаяды, соған сәйкес бюджеттік демеу - қаржы көмегі, сонымен қатар қажетті жәрдемақы сомасы да төмендейді. Осылайша, тұрғын үй- коммуналдық шарушылық саласындағы әлеуметтік, экономикалық және қаржылық те үлес төмендейді.

8.2 Жылуды есепке алудың жеке құралдарының барлығы екі түрі бар: пәтер жылу есептегіштері және радиаторлық жылу таратқыштар. Бұл әдістемеді пәтерлік жылу есептегіштерін жылыту жүйесін пәтер бойынша таратумен бірге қолдану ұсынылады.

8.2.1 Пәтер жылу есептегіштері тікелей жылу таратқыштың берген жылуының мөлшерін өлшейді.

Жылу таратқыштың беруші және қайтарушы құбырларының шығыны мен температурасының айырмашылығы шамалы. Бұл жағдайда іс жүзіндегі пәтер жылу есептегіштері қате жібереді. Егер пәтер арқылы жылудың бірнеше тірек бағаналары өтетін болса, жылу есептегішті әрбір тірек бағанасына қою керек, немесе жылыту жүйесінің таратқышын ауыстыру керек. Бұның да, басқасының да орны үнемдеудің есебінен толтырылмайды. Сондықтан пәтер жылу есептегіштерін құрылыс немесе қайта құрылымдау кезінде жылыту жүйесінің пәтерлік таратқышы салынған үйлерде орнату орынды болады.

Тұтынушы жылу энергиясы үшін:

- оның пәтеріндегі жеке есептегіштің көрсеткіштері бойынша;

- 1 шаршы метрге есептегенде жылу энергиясын тұтынудың бекітілген нормалары бойынша есепке алу аспаптары болмаған/ немесе есепке алу аспаптарының көрсеткіштері болмаған кезде;

- көппәтерлі тұрғын үйдің жалпы ауданынан пәтерлердің/тұрғын емес үй-жайлардың ауданына пропорционал, үйге ортақ жылуды есепке алу аспабының көрсеткіші мен жеке есепке алу аспаптарының жиынтық көрсеткіштері арасындағы айырмашылықты есептеу жолымен есептелген қызметтерге ақы төлейді.

8.2.2 Тұтынылған жылу энергиясы үшін төлем сомасын есептеу-бұл энергиямен жабдықтаушы ұйымның жеке тұтынушылар арасында ТҮОЖЭЕА көрсеткіштері бойынша есептелген жалпы соманы ЖЭЕАЖА көрсеткіштері негізінде бөлу.

ТҮОЖЭЕА-нан көрсеткіштер болмаған жағдайда және есептеу жолы табиғи монополиялар туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

ЖЭЕАЖА-нан нақты көрсеткіштерді қайта есептеу кезінде сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, реттелетін жылу энергиясымен жабдықтау қызметінің құнын қайта есептеу ережелерін басшылыққа алу қажет [8]. Қайта есептеу жылыту кезеңінде жылына 1 рет орындалады (жылыту кезеңі аяқталғаннан кейін).

Есептік кезеңде сыну, тексеру немесе көрсеткіштерді алу үшін қол жетімділіктің болмауы және т. б. себептерімен ЖЭЕАЖА-нан көрсеткіштері түспеген жағдайда, есептеулер 280-тармаққа сәйкес жүргізілуі тиіс [9].


8.3 Тұрғын үйлердегі аспаптық есепті жаппай енгізу тұтынушыларғы жылыту үшін жылу қуатының шығынын бақылауға және реттеуге мүмкіндік береді.

8.4 Жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарын күтіп ұстау, техникалық қызмет көрсету және салыстырып тексеру теңгерімдік тиесілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.5 Пайдаланылып жүрген бір құбырлы тік желілі жүйе - баспалдақ алаңдарында орнатылған тік желіден пәтерлерге көлденең құбырлар арқылы таратылатын жүйелермен алмастырылады. Бұл жылыту құралдырының жылу беруін жеке автоматты түрде реттеуге және тұтынатын жылу қуатының пәтер бойынша есебінің сенімді және анағұрлым нақты әдісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде жылу қуатын тұтынуды 15 - 20 %-ға қысқартуға қол жеткізіледі.


8.6 Жылуды пәтер бойынша есепке алуды ұйымдастыру үшін жылыту жүйесінің беру және кері құбырларының пәтерге бір жерден енгін қамтамасыз ету қажет және оған пәтерде орналастырылған барлық жылыту құралдарын қосу керек. Пәтер бойынша жылытудың анағұрлым тараған екі сызбасы бар: «сәулелік» және «периметр бойынша» (1-сурет және 2-сурет). Сәулелік сызба «таза» еденнің тұтастырғысына төлелетін металлды полимер немесе полимер құбырлардың көмегімен жүзеге асырылады. Жылыту құралдарының әрқайсысы беруші және қайтарушы коллекторларға қосылады және дербес реттеледі. Өлшемдік сызбада жылыту құралдыры гидравликалық түрде көбірек тәуелді, бірақ бұл сызба құбырлардың аз мөлшерін талап етеді және жөндеуге жарамдылығы жақсы болады. Өлшемдік сызбада құбырлар әдетте науаларға салынады және қызмет көрсетіле алады. Бұл жағдайда тек металлды полимер(полимер) құбырлар ғана емес әдеттегі болат құбырлар да пайдаланылуы мүмкін.

Пәтер есептегіштерін мүмкіндігінше саты алаңында орналастырған дұрыс.



1-сурет – Жылытудың жүйесінің сәулелік сызбасы.

1 - жылыту құралы; 2 - судың пәтер бойынша есебінің есептегіші




2-сурет. Жылыту жүйесінің өлшемдік сызбасы

1 - жылыту құралы; 2 - суды пәтер бойынша есептеу есептегіші

